

ЦИТАТА ДНЯ

**Жеңіс ҚАСЫМБЕК,**  
ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА РК:

« **ТРАНСПОРТНЫЙ И ЛОГИСТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ДЛЯ СУХОПУТНОЙ ТОРГОВЛИ МЕЖДУ АЗИЕЙ И ЕВРОПОЙ. ПРИ ЭТОМ ВОЗРОСШАЯ СКОРОСТЬ ДОСТАВКИ ГРУЗОВ – ГЛАВНОЕ КОНКУРЕНТНОЕ ПРЕИМУЩЕСТВО СУХОПУТНОГО МАРШРУТА ПЕРЕД МОРСКИМ** »

СОТРУДНИЧЕСТВО

ВСТРЕЧА В МАНИЛЕ

Делегация АО «НК «ҚТЖ» во главе с управляющим директором по инфраструктуре – директором филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Бауржаном Урынбасаровым приняла участие в 27-м заседании Азиатско-Тихоокеанской региональной ассамблеи Международного союза железных дорог (АТРА МСЖД) в городе Маниле (Филиппины).

Участники обсудили результаты реализации текущих проектов Азиатско-Тихоокеанского региона в сфере транспорта и логистики, утвердили проекты и мероприятия на 2020 год, рассмотрели инициативы на 2021 год.

В своем выступлении на заседании Бауржан Урынбасаров отметил интенсивное развитие транспортно-логистической инфраструктуры Казахстана.

– Учитывая темпы развития интернет-торговли, облегчения процедур пересечения границ и отмену визового режима, транзитный потенциал Казахстана будет только расти, открывая новые возможности для ведения бизнеса, – подчеркнул Бауржан Урынбасаров.

В ходе встречи рассмотрены вопросы назначения заместителя председателя АТРА МСЖД, региональных представителей в Исполнительный совет и Комитет по управлению АТРА МСЖД на 2019–2020 годы.

Решением заседания заместителем председателем АТРА МСЖД назначен председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Сауат Мынбаев, членом Исполнительного совета и Комитета по управлению избран президент и генеральный директор KORAIL Сон Бен Сок.

В рамках мероприятия АТРА МСЖД делегация из Казахстана приняла участие в семинаре по проектам МСЖД, железнодорожного инновационного форума и технического совещания стран – участниц Центрально-Азиатского регионального экономического сотрудничества (ЦАЭЭС).

На семинаре казахстанские железнодорожники представили три проектные инициативы: «Прогнозирование обслуживания с помощью цифровых технологий», «Пилот для электронных устройств», «Комплексный подход по сбору информации о путях для железнодорожных компаний».

Жаныбек КЕНЕС

БҮГІНГІ САҢ

2018 ЖЫЛЫ ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІ САЛАСЫНДА

25

МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ СТАНДАРТ ЖАСАЛҒАН

ТРАНЗИТ

УЛУЧШАЕМ РАБОТУ С ГРУЗОТПРАВЛИТЕЛЯМИ

Приоритеты и развитие транспортной логистики Казахстана обсудили на подкомитете по транспортной логистике Комитета логистики и перевозок президиума НПП РК «Атамекен» с участием заместителя председателя правления по логистике АО «НК «ҚТЖ» Павла Соколова.



Алуа ТЛЕУБАЕВА

– Сегодня основная задача транспортной отрасли – увеличение грузопотока. В период с 2017 по 2019 год компания по объемам перевозок находится в росте, при этом 33% от всего дохода АО «НК «ҚТЖ» формируют транзитные перевозки. Транзит – это то, что ты не сделаешь один. Мы не должны забывать, что транзит осуществим со своим соседом, – сказал заместитель председателя правления по логистике АО «НК «ҚТЖ» Павел Соколов.

Он отметил, что в настоящее время АО «НК «ҚТЖ» ведет работу по повышению логистики, улучшению работы с клиентами, внедрению технологий и привлечению инвестиций, что позволит комплексно подойти к развитию

транзита в Казахстане.

В ходе встречи рассмотрена новая бизнес-модель функционирования АО «KTZ Express», которая позволит компании стать 3PL-провайдером. Модель включает в себя три блока: продажи, логистика и операционный блок.

– Новая бизнес-модель ориентирована на работу с клиентами по потребности, что позволит сократить издержки в логистике. Также планируется запуск личного кабинета, где каждый перевозчик сможет посмотреть, сколько контейнеров было перевезено и заказано, а также скоординировать свою финансовую деятельность, – отметил заместитель генерального директора АО «KTZ Express» Манарбек Тулегенов.

Участники встречи также заслушали информацию о работе и пер-

спективных возможностях Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ).

– Нашей целью как ассоциации является привлечение транзитных и внешнеторговых грузов на Транскаспийский международный транспортный маршрут. Отмечу, что в 2018 году наложенных экспортных перевозок на турецкий рынок зерновых грузов из Казахстана, количество отправленных контейнеров составило 1 800 единиц в ДФЭ против 243 в 2017 году. При этом хотел бы отметить, что в обратном направлении также налажен сервис. И объем контейнеров составил порядка 1 500 единиц, – отметил генеральный секретарь ОЮЛ «Международная ассоциация «Транскаспийский международный транспортный маршрут»

Рахметолла Кудайбергенов.

На 2019 год планируется увеличение экспортных перевозок по Транскаспийскому маршруту из Казахстана до 0,8 миллиона тонн, в том числе зерновых грузов в объеме 150 тысяч тонн, угля – 150 тысяч тонн, нефтепродуктов – 300 тысяч тонн и серы – 150 тысяч тонн. В целом же план перевозок по ТМТМ на 2019 год составляет 1,9 миллиона тонн, в том числе 60 тысяч приходится на ДФЭ.

В завершение мероприятия Национальная палата предпринимателей РК «Атамекен» и ОЮЛ «Международная ассоциация «Транскаспийский международный транспортный маршрут» подписали Соглашение о взаимопомощи и сотрудничестве.

Фото Таланта КУСАИНА

ФОРУМ

В СООТВЕТСТВИИ С ЕДИНЫМИ ПРАВИЛАМИ

Впервые 24 мая 2019 года в Казахстане состоялось уникальное событие в сфере стандартизации, организованное АО «НК «ҚТЖ» совместно с Комитетом технического регулирования и метрологии МИИР РК и Казахстанским институтом стандартизации и сертификации. На единой площадке обсудили актуальные вопросы стандартизации эксперты международного, межгосударственного и национального (казахстанского) технических комитетов железнодорожной отрасли из более чем 30 стран, в числе которых страны СНГ и Балтии.

Асель ШАЙХЫНОВА

В работе заседания приняла участие эксперта ИСО/ТК 269, представитель Международного союза железных дорог, Организации сотрудничества железных дорог, РОССТАНДАРТА, Ассоциации европейской железнодорожной промышленности (UNIFE), Межгосударственного технического комитета № 524 «Железнодорожный транспорт», а также Комитета технического регулирования и метрологии МИИР РК.

Данное мероприятие приурочено к неделе стандартизации в

железнодорожной отрасли в рамках проведения пленарного заседания Технического комитета Международной организации по стандартизации 269 «Железные дороги» (ИСО/ТК 269).

С приветственным словом к участникам обратился председатель Комитета технического регулирования и метрологии МИИР РК Арман Шакалиев. Он отметил значимость и активность Казахстана в ИСО, акцентировал внимание на деятельности республики в межгосударственной стандартизации, а также рассказал об основных нововведениях в системе

национальной стандартизации, основанной на международной модели.

– Железнодорожная отрасль является одной из базовых отраслей экономики государства, которая отвечает за своевременное обеспечение внутренних и внешних транспортно-логистических связей. В связи с этим развитие стандартизации в железнодорожной отрасли является приоритетной задачей, – подчеркнул он роль стандартизации.

Под председательством управляющего директора – главного

инженера АО «НК «ҚТЖ» Батыра Котырева участники обсудили перспективы дальнейшей работы по развитию стандартов железных дорог мира.

– Сегодня мы собрались обсудить наиболее важные вопросы по стандартизации в области железнодорожного транспорта. На сегодняшний день стандартизация приобретает все большее значение. Стандарты обеспечивают совместимость, взаимозаменяемость, унификацию, безопасность в сферах деятельности человечества. Поэтому стандарты должны задавать тот уровень, который соответствует запросам всего общества. И я глубоко уверен, что этот форум – это возможность обсудить актуальные вопросы в области региональной и международной стандартизации, обменяться опытом и обсудить дальнейшие задачи, – сказал Батыр Котырев.

Он также отметил, что в Казахстане проводится значительная работа по развитию системы стандартизации. Так, в текущем году вступил в силу новый Закон Республики Казахстан «О стандартизации».

(Окончание на 3-й стр.)

ОСМОТР

ПОДВЕЛИ ИТОГИ

В Акмолинском отделении подведены итоги весеннего осмотра объектов инфраструктуры.

Сауле КУСАИНОВА,  
Кокшетау

Председатель правления – генеральный директор АО «ҚТЖ» – Грузовые перевозки» Кайрат Саурбаев подвел итоги весеннего осмотра объектов инфраструктуры в Акмолинском отделении грузовых перевозок. В сезонной проверке участво-

вали представители центрального аппарата АО «НК «ҚТЖ» и дочерних организаций.

О результатах осмотра хозяйств доложил директор Акмолинского отделения Нурым Жаниязов. В своем докладе он акцентировал внимание на вопросах обеспечения стабильной работы железнодорожного транспорта и безопасности движения поездов, охраны труда на рабочих местах, предупреждения производственного травматизма и заболеваемости.

Во время весеннего осмотра проводится проверка состояния железнодорожного пути, искусственных сооружений, поездов, устройств сигнализации, связи и контактной сети, а также оценивается готовность персонала к летне-



му графику движения, обеспечению работников спецодеждой и спецообувью.

Подводя итоги осмотра, отмечалось, что в отделении проделана значительная работа по подготовке хозяйств к летним перевозкам.

Генеральный директор обозна-

чил главные задачи перед коллективом дороги – обеспечение безопасной и бесперебойной работы железной дороги, сокращение производственных расходов, рациональное использование трудовых ресурсов.

Фото автора

ХАБАР-ОШАР

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕРЕК АЛМАСУ ЖЕТІЛДІРЕДІ

Өзбекстан теміржолшылары қазақстандық электрондық деректер алмасу жүйесіне қызығушылық танытуда.

Елордада Қазақстанның және Өзбекстанның теміржолшылары экспорттық және импорттық деректерге қатысты электрондық алмасу саласында ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету, сондай-ақ, шекара арқылы өтетін жүктер туралы алдын ала ақпарат бойынша ертеректе қол жеткізілген келісімдерді орындау мәселелерін талқылады.

«Узбекистон темір йуллары» АҚ өкілдеріне республикашілік қатынаста жүктерді вагондармен, контейнерлермен, топтық және маршруттық жөнелтілімдермен тасымалдау кезінде қағазсыз технологияны енгізу, жүктерді Ресейден Қазақстанға және кері тасымалдау бөлігінде Шарттық және коммерциялық жұмысты басқарудың автоматтандырылған жүйесінің (АБЖ) функционалды мүмкіндіктері көрсетілді.

«Біз ынтымақтастыққа қашанда ашықпыз, өз тәжірибелерімізбен әріптестерімізбен бөлісуге дайынбыз. Біздің бірлескен күш-қуатымыз деректерді электрондық алмасуды қолданыстағы жүйесін жетілдіруге, қағазбен іске асырылатын құжат айналымын төмендетуге, сондай-ақ, Қазақстан және Өзбекстан аумағы бойынша жүктерді тасымалдау және жөнелтудің тиімді үдерісін және ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталып отыр», – деді «ҚТЖ-Жұқ тасымалы» АҚ бас директоры орынбасарының міндетін атқарушы Мұхтар Махамбет.

Кездесу нәтижесі бойынша екі елдің теміржолшылары Сарыағаш және Қарақалпақстан мемлекетаралық түйіспе пунктері арқылы Қазақстан және Өзбекстан аумағына тасымалданатын жүктерге ілесіп құжаттардың электрондық алмасу жүйесін жетілдіру саласында тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға сөз байласты. Бұл бастаманың жүзеге асуы әртүрлі рұқсатнама процедураларынан өту уақытын едәуір қысқартып, транзиттік тасымалдың өсу динамикасына оң ықпалын тигізбек.

Нұрбек БЕКЕН

БІЛІМ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТТІ

Еліміздегі бірқатар вокзал қызметкерлері «ҚР кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» бағдарламасы бойынша Теміржол көлігінің қызметкерлерін бағалау және дамыту орталығында құрстан өтті.

Үш жыл сайын өткізіліп тұратын аталған курсқа Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Орал, Шар, Аягөз, Жаңақорған, Арыс, Төретам станцияларының қызметкерлері қатысты. Солардың арасында «Нұрлы жол» вокзал кешені директорының орынбасары Нұрлан Аманжолов, вокзал басшысының кезекші көмекшісі Алмат Дусеев та болды. Оқыту барысында үйренгендерімен бөліскен олар емтиханды жақсы тапсырып шыққан.

– Оқу орталығының мұғалімдеріне әріптестермен кәсіби тәжірибе бөлісу мүмкіндігін беріп, кәсіби деңгейімізді арттыруға ықпал еткендері үшін алғысымызды білдіреміз. Бір атта ішінде алғашқы көмек көрсету, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, өндірістік жарақат алу мен оның себептері, зерттеу жүргізу жұмыстары және тағы басқа тақырыптарда өте көп нәрсе үйрендік. Енді біз тек теміржолда ғана емес, барлық қоғамдық орындарда, үйде болсын аяқ астынан есінен танып құлаған адамға қалай көмек көрсетуді жақсы білеміз, – дейді Алмат Дусеев.

Курс аяқталған соң оның қатысушыларына емтихан барысында 60 сұрақ қойылған. Соның 60 пайызынан астамына дұрыс жауап бергендерге алдағы үш жылға дейін құлаған адамға қалай көмек көрсетуді жақсы білеміз, – дейді Алмат Дусеев.

Курс аяқталған соң оның қатысушыларына емтихан барысында 60 сұрақ қойылған. Соның 60 пайызынан астамына дұрыс жауап бергендерге алдағы үш жылға дейін құлаған адамға қалай көмек көрсетуді жақсы білеміз, – дейді Алмат Дусеев.

Ұлан ОРАЗ

railnews.kz

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

АҚПАРАТ

## ЖАҢА ВОКЗАЛДЫ АРАЛАДЫ

Өткен аптада елордада «Темір жолды цифрландыру» тақырыбында өткен көрмеге келген мәртебелі қонақтар, сондай-ақ «Нұрлы жол» вокзалын аралады.

Атап айтқанда, «РТЖ» ААҚ президентінің аға кеңесшісі Валентин Гапанович, «Беларусь темір жолдары» компаниясының бас инженері Валерий Шубадеров, «Трансмашхолдинг» ЖАҚ техникалық директоры Владимир Шнейдмюллер сияқты мәртебелі меймандарды ұлттық компанияның бас инженері Батыр Котырев бастап барды. Стратегиялық маңызға ие заманауи нысанда темір жол вокзалы кешенінің бастығы Дінмұхаммед Құсайынов аралатып, толық ақпарат бере жүріп, таныстырды. Төртінші қабаттағы қуту залынан басталған экскурсия барысында қадірменді меймандарға жаңа ғимараттың үлкен көлемдегі макеті көрсетілді.

– Біздегі орталық табло әуежайлардағы таблолармен бірдей жұмыс істейді. Өте ыңғайлы. Барлық ақпарат үш тілде беріледі. Пандустар екі жағынан да симметриялық түрде орналасқан. Екінші қабатта 750 көлік сыятын паркінг бар. 5-қабат – футкорг, 6-қабатта қонақ үй мен әкімшілік орналасқан, – деді кешен бастығы.

Ол вокзалдың электр энергиясын үнемдеу жүйесімен де, шатырдағы табиғи суды жинап, техникалық мақсатта қайталап пайдалану мүмкіндігі туралы айтып берді. Оларға пойыз жүретін естакада көрсетіліп, билет кассалары, қауіпсіздік бойынша арнайы қызметтер және тағы да басқа жолаушылар мен келушілер сұранысына сай орындар тааныстырылды. Экскурсия соңында қонақтарға бас инженер ұлттық компания атынан «Нұрлы жол» вокзалының сувенир макетін сыйға тартты.

*Райхан РАХМЕТОВА*

## НҰСҚАУЛЫҚТЫ БІЛУ ШАРТ



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның эксплуатациялық жұмыстар бойынша атқарушы директорының міндетін атқарушы Н.Келбұғанов ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығына бекіткен ұйымдастырушылық шаралар жоспарын орындау бойынша жұмыстарды қорытындылады.

Пойыз құрастырушылардың қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбек қорғауды қамтамасыз етудегі жауапкершілігін арттырып, білімдерін жетілдіру мақсатында бірқатар шаралар атқарылды. Атап айтқанда, барлық жұмыс орындарында «Пойыз құрастырушы, сен – маневр жетекшісің!» деген тақырыпта ақпараттық парақшалар ілінді, сонымен қатар осы салаға қатысы бар 100 қызметкерге техникалық сабақтар өткізілді. Ауызша сұрау арқылы техникалық пайдалану ережелері, белгі беру бойынша нұсқаулық, пойыздар қозғалысы бойынша нұсқаулықтарды үздік білімдердің байқауы ұйымдастырылған. Нәтижесінде олардың арасындағы ең білімділерге станция атынан грамоталар табысталды.

Мәселен, Маңғыстау станциясы бойынша 1 орын пойыз құрастырушы Бекмырза Қожаевқа, екінші орын Алтынбек Таласоқы, үшінші орын Алтынбек Набиевке берілді. Ал Бейнеу станциясында Мақсат Жарығасынов ең үздік құрастырушылар қатарынан көрінді.

– Пойыз қозғалысымен жұмысын байланыстырған әрбір теміржолшы өз міндеттерінің бірі ретінде осы техникалық пайдалану ережелерін сақтауды санайды. ТПЕ-ні орындау темір жол көлігінің барлық бөлімдерінің ұйымшыл жұмысын, қозғалыс қауіпсіздігі мен темір жолдың тоқтаусыз және нақты жұмысын қамтамасыз етеді. Сондықтан нұсқаулықты білу шарт – дейді пойыз құрастырушы Бекмырза Қожаев.

*Ұлан ОРАЗ  
Суретті түсірген автор*

## ТОҚСАНДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

Маңғыстауда осы жылы 1 ақпан мен 1 мамыр аралығында «Диспетчерлік аппарат қызметкерлеріне жан-жақты қолдау» атты үш айлық өткізіліп, соның қорытындысы өткен апта шығарылды.

Техникалық сабақ барысында қорытындысы жасалған үш айлық шара барысында диспетчерлік аппарат ғимаратына косметикалық жөндеу жүргізіліп, материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері шешімін тапқан. Сонымен қатар нормативтік-техникалық құжаттама жаңартылған.

– Бұл аралықта бізге ұлттық компания басқарма төрағасынан бастап, оның орынбасарлары, «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-ЖТ» АҚ, «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы басшылығы және тағы да басқа басшылар келіп кетті. Одан бөлек облыс әкімдігінен басшылар келді. Үш айлық кезінде диспетчерлік аппарат қызметкерлері жолаушылар және жүк пойыздарының қозғалысын ұйымдастыру бойынша біршама жұмыстар атқарды, – дейді Маңғыстау ЖТ бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітов.

Одан басқа айлық аясында су шайып кетуге қарсы пойыздарды құрастыру, жолға күрделі жөндеу жүргізу, шаруашылық пойыздарын жүргізу, қаламаны пойыздарының қатынау кестесін оңтайландыру, жоғары габаритті жүктер өткізуді қамтамасыз ету, жүк паркі вагондарының санағы сынды жұмыстар жүргізілді. Бұл шаралардың бәрі де филиалдағы бұдан арғы қозғалыс қауіпсіздігін сақтау деңгейін арттырып, диспетчерлік аппарат қызметкерлерінің жауапкершілігі мен кәсібилігін жоғарылатуға ықпал етті.

*Нұрай СӘРСЕПБАЛИ*

КӨКЕЙКЕСТІ

## ТҮЙІСПЕЛІ КЕҢЕСТЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жуырда Семей ЖТ бөлімшесінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ орталық аппараты өкілдерінің қатысуымен түйіспелі кеңес болып өтті. Аталмыш басқосуға сондай-ақ, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Илеқк ЖТ бөлімшелері мен «Досжан теміржолы» АҚ басшылары да келген болатын.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
*Семей*

Жиында кіріспе сөз алған Семей ЖТ бөлімшесінің басшысы Марлен Көкірекбаев Семей теміржолына техникалық мінездеме беріп өтіп, қазіргі таңдағы салалық қызметіне шолу жасап өтті. Осыдан соң кезек пойыз қозғалысын қамтамасыз ету мен жүк айналымын арттыру бойынша бөлімшеаралық мәселелер жайын талқылауға берілді. Бұл ретте іргелес павлодарлық көршілердің семейлік әріптестеріне айтар уәжі бар екен.

Атап айтсақ, Павлодарда жасақталған ұзын жылжымалы құрамдарды Семей және Жаңа-Семей станцияларымен өткізу бойынша бірқатар мәселелер бірлесіп талқыланды. Нормативтік кесте бойынша бекітілген бұл қозғалыстың жиілігі мен вагон қараушыларының тексеруінен өтуі бойынша біршама проблемалар бар екендігі анықталды. Сонымен қатар, ағымдағы жылы қос бөлімше аралығындағы Дегелең-Ақсу телімі бойындағы Дегелең-Май қумажолына күрделі жөндеу жүргізу бойынша атқарылуы тиіс жұмыстар реті талқыланды. Осынау орайда аталмыш телім бойына шығатын локо-

мотив бригадаларының санын қайта қарастыру ұсынылды.

Бірлесіп шешуді қажет ететін осы тәрідес мәселелер Шығыс Қазақстан ЖТ бөлімшесі басшыларымен де талқыланды. Бұл ретте бірінші кезекте түйіспелі Шар станциясындағы пойыздарды дер кезінде алып кетпеу мәселесі қарастырылды. Соның себебінен жыл басынан бергі 4 ай ішінде 326 жүк пойыз жолдан кідірген.

Сондай-ақ, түйіспелі кеңес барысында Ертіс үстінен өтетін теміржол көпірі бойынша жылдамдық пен салмақ мөлшерінің шектелуіне орай пойыздарды жасақтаудағы жаңашылдықтар

СЕРВИС

## КӨТЕРІҢКІ КӨРСЕТКІШ – ҰЙЫМШЫЛДЫҚ НӘТИЖЕСІ

Биыл Ақтөбе локомотив пайдалану депосының құрылғанына 115 жыл толмақ. Тепловоз тізгіндеген 800-ге жуық машинист пен олардың көмекшілері – депоның жұмыс көрігін қыздырған тәжірибелі мамандар.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
*Ақтөбе*

Депоға барғанымызда бір топ локомотив бригадаларының тепловоздардың сыртқы келбетін сөнге келтіріп, машинист кабиналарын сырлау жұмыстарын жасап жатқанын көрдік. Жасыратыны жоқ, тепловоздардың озығынан тозығы жеткені көп.

«Биыл 10 сәуір мен 31 мамыр аралығында жалпы саны 42 тепловоз көктемгі комиссиялық тексерістен өту керек. Қазіргі уақытта оның 30-дан астамының іші-сыртына толықтай сырлау жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде «ТЭМК-27», «ТЭ33-4», «ТЭМ2-11» тепловоздары бар. Қалғаны белгіленген мерзімге дейін толық өтіп болады. Себебі жұмыстың уақытында бітуіне еш кедергі жоқ», – деп атап өтті депо басшысы Талғат Медеубаев

бізбен әңгіме барысында. Локомотив депосы бірінші тоқсанда жоспарды асыра орындағандардың қатарында. Маневрлік жұмыстарда ақау немесе қызметкерлердің жарақат алу жағдайы орын алмаған. Төрт айдағы пайдаланым көрсеткіші 101,24 пайызға орындалып, техникалық жоспардағы қозғалыс 4845,370 млн тн.км бруттоны құраған. Техникалық көрсеткіш 4905, 538 млн тн. км бруттоға жетіпті. Жүк пойызының орташа салмағы 3173 тоннаны құраған. Депо ұжымы 3105 тоннаға міндеттелген техникалық жоспарды 102,19 пайызға артық орындап шығыпты.

– Локомотив бригадаларының жұмысын дұрыс үйлеңдіру, ондағы байланыс құралдарын тиімді пайдалану – қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгісі. Бүгінде бізде Шұбарқұдық депосын қоса есептегенде 743 адам жұмыс жасайды. Оның 612-сі локомотив бригадасы: 312 машинист пен 300 машинист көмекшісі. Ұжым ұйымшыл. Жұмыскерлеріміздің ерен еңбектері Компания басшылығы тарапынан елеу-

сіз қалған емес. Депо қызметкерлері арасында мемлекеттік сыйлықтар алғандар да көп. Сол үшін де үздік жұмыскерлерге құрмет көрсетіп, жастарды ынталандырып отырамыз. Бізде жұмысшыларға оңтайлы жағдай жасалған: жалақының өсуі, жақсы әлеуметтік базаның құрылуы бар. Мекемеде жас мамандар көп. Олардың басшылық құрам қатарында жүргендері де аз емес. Маневрлік локомотив бригадаларының сапалық құрамын бекітуде, машинистер мен көмекшілерінің тәжірибесі мен жұмыс тәртібін қарау бойынша айлық тәжірибе сабақтары тұрақты ұйымдастырылады. Бригадалардың лауазымдық міндеттерін орындауына талдама жасалынады. Мұндай шаралар жас мамандар үшін үлкен техникалық дәрістеме болып табылады, – дейді Ақтөбе локомотив пайдалану депосының бастығы.

Ақтөбе локомотив пайдалану депосында зиянды жұмыс орнында еңбек ететіндер дәрумендермен қамтамасыз

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

## ЖАҢАТАС БАҒЫТЫНДА ЖОЛДАР ЖАҢАРАДЫ

Жамбыл өңіріндегі Тараз-Жаңатас бағытындағы темір жол учаскесі негізі қаланған 1954 жылдан бері күрделі жөндеу көрмепті. Соның салдарынан жүк тасымалының жылдамдығы айтарлықтай төмен болып келді. Сондықтан биылғы алғашқы жартыжылдықта Жамбыл жол дистанциясы аталған учаскенің Жұма-Тамды станцияларының арасындағы 37 шақырым жолына орта жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жол сапасын күшейтпек ниетте.

**Жасұлан СЕЙІЛХАНОВ,**  
*Тараз*

Қазір дистанция осы ауқымды жұмысқа мердігер ретінде тартылған «Ағадыр» жол дистанциясының көмегімен 9 шақырым жолды жөндеп қойыпты. Өткен жұма және сенбі күндері жасалыптан тағы 12 сағатқа «окно» сұрап, СМД техникасымен 1 шақырымға бұрын пайдаланылған жарамды материалдарды қадеге жаратып, жұмысты жалғастырып жатыр.

– Бұл жұмыстар тектен-тек жүргізіліп жатқан жоқ. Облыстың химия индустриясынан айтарлықтай орын ала бастаған «ЕуроХим» компаниясы кейінгі уақытта өндіріс көлемін арттырып, темір жол мен химия кәсіпорны арасында жүк тасымалы бағытындағы әріптестік те артып келеді. Сондықтан осы учаскедегі жол сапасын жақсартып, пойыз жылдамдығын арттыру, қозғалыс қауіпсіздігін күшейтеу мәселесі өзекті болып отыр. Біз өз алдымызға 2020 жылға дейін 176 шақырымдық Тараз-Жаңатас учаскесін толық жөндеуден өткізуді жоспарладық. Жоғарыда айтылған 37 шақырымдық орта күшейту жұмыстары алғашқы жартыжылдықта аяқталуы керек. Егер тағы мүмкіндік болып жатса, биыл жыл соңына дейін 72 шақырымды жөндеуден өткізу көзделген. Бұл жоспар жүзеге асса, Қаратау станциясына дейін жетеміз, – дейді Жамбыл жол дистанциясының басшысы Жүнісбек Табылдыев.

Жолдың негізі болып отырған шпалдар дені ағаштан дайындалған. Олардың көпшілігі бүгінде тозығы жеткен екен. Соның салдарынан пойыз жылдамдығын 40-25 шақырым/сағаттан асыра алмай отыр. Өйткені шпалдардың жағдайы нашар. Тіпті 50 пайызға дейін жарамсыз. Сол себепті қазір бұрын пайдаланылған жарамды темір-бетон жолдар салынуға. Осы жұмыстар аяқталса, дистанция басшылығы мұндағы жылдамдықты 60-80 шақырым-сағатқа көтермекші.

Тараз бен Жаңатас станцияларының арасы 176 шақырым ғана болғанымен, мұнда жүк тасымалы қыз-қыз қайнап жатады. Өйткені тек «ЕуроХим» ғана емес, еліміздегі ірі кәсіпорындардың бірі «Қазфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің де фосфор



мен минералды тыңайтқыштар түріндегі түрлі өнімдері осы учаскедегі станциялар арасында күндіз-түні тынбай тасымалданады. Осы жол арқылы экспортқа жіберіліп жатқандары да бар.

– Бұл учаскеде жылда сегіз мыңға дейін шпал ауыстырылады. Осы жақтан шыққандардың ішінен де мүмкіндігінше жарамдыларын іріктеп алып, өзге учаскелерге қойып жатырмыз. Биыл 14 мыңдай ағаш

да сарапталды. Сол тәрізді локомотив паркін қысқартып, тасымал үдерісінің тиімділігін арттыру үшін бірлесіп атқарылуы тиіс шаралар реті қарастырылды. Бұл мәселенің әсіресе көмір тасымалы күшіне енер шақта Дегелеңде апаратын барлық бағыттар үшін маңыздылығы арта түсетіні белгілі.

Мұнымен қоса, Алматы ЖТ бөлімшесі бойынша да пойыздарды қабылдап алу, тапсыру мәселесі төңірегінде бірқатар тұшымды келіссөздер өрбіді. Соның ішінде әсіресе ҚХР-дан бағыт алған пойыздарды кідіртпеу жөнінде атқарылуы тиіс шаралар қатары ортақ әңгіме ауанына айналды. Мұның сыртында күнгейдегі бөлімшемен шектесетін Жұзағаш станциясындағы «тастанды» пойыздар жайы да сөз болды.

Басқосу соңында түйіспелі кеңестің ортақ қорытындысы жасалынып, шешім шығарылды. Оның аясында бірлесіп атқарылар шаралар легі анықталды. Атап айтсақ, «берік тармақ» бойынша пойыздар алмасуды ширату, ауыр салмақты жүк құрамдары локомотивтерін кедергісіз өткізу сынды бірқатар түйтікді мәселелер жөнінде әріптестік тоқтам жасалынады.

етілген. Ал бригадалар ауысымға шығар алдында қатаң бақылаудан өтеді. Машинистердің денсаулығы, қан қысымы өлшеніп, ішімдік ішпегендігіне көз жеткізетін медициналық мамандар бар.

«Депода бүгінгі күні білікті мамандардың сақталуы – кешегі теміржол тарландарының еңбегі. Біздің депоның қабырғасынан локомотив ісінің талай майталмандары шыққан. Әр жылдары депоға үлкен үлес қосып, Малофеев-паровоз депосына басшылық еткен Г.Г.Лебедев, Ф.В. Перемышев, С.Б. Жаманқұлов, Н.М. Князев, В.И.Сокол, М.Ж. Медеубаев, Д.К. Дарбаев мен Н.Ю. Көшербаевтың көзін көрген майталмандар бүгінде жастарға тәлімгерлік етіп жүр. Ақтөбе локомотив депосы – Батыс аймағындағы Түркістің дәстүрін сақтап, міндеттерді ойдағыдай орындап отырған ең ірі және жетекші кәсіпорындардың бірі», – деген Талғат Медеубаев, аталған локомотив депосының 1904 жылы құрылғанын айтты.

Алғашында паровоз станциясында халық шаруашылығы жүгін тасуға арналған парк болған. Соғыс жылдарынан кейін паровоз парк тепловоз тартымына жаппай ауысыпты. 2004 жылы 100 жылдығын ауқымды етіп атап өткен депо биыл 115 жылдыққа дайындалады. «Бұл теміржолшылардың бірнеше ұрпағы ауысқан тұтас заман. Дамудың әр сатысында тек техникалық құралдар емес, сонымен қатар оларға қызмет көрсететін мықты мамандар ұстаханасы қалыптасуда» деп сөзін түйіндеді депо басшысы.

*Суретті түсірген автор*

ФОРУМ

## В СООТВЕТСТВИИ С ЕДИНЫМИ ПРАВИЛАМИ



(Окончание. Начало на 1-й стр.)  
Так, на форуме подведены итоги недельной работы пленарного заседания Технического комитета Международной организации по стандартизации ISO/TC 269 «Железные дороги».

В свою очередь, председатель ISO/TC 269 Юджи Ниши провел обзор нынешней деятельности и рассказал о дальнейшей стратегии, наметившей в сфере стандартизации в Международном техническом комитете, осветил деятельность подкомитетов ИСО/ТК 269 и призвал все заинтересованные организации принять участие в совместной работе.

О цифровых вызовах стандартизации подробно рассказал замести-

тель руководителя Федерального агентства по техническому регулированию и метрологии (РОССТАНДАРТ) Антон Шалаев. Генеральный менеджер UNIFE Бернард Кауфман в своем докладе отметил значимость качества в сфере железнодорожного транспорта.

Очень торжественно в рамках мероприятия состоялось награждение наиболее активных экспертов по стандартизации за качественный вклад в развитие системы стандартизации в области железнодорожного транспорта.

Особое внимание в ходе встречи специалисты уделили вопросам применения цифровых стандартов, интеграции международных и ре-

гиональных стандартов в области транспорта, использования инструментов международной сертификации.

– Сейчас стандартизация и цифровизация неразрывно связаны. Это веление времени. Мне было очень интересно посетить все экспонаты выставки. Были презентованы проекты внедрения цифровых технологий в железнодорожную отрасль. Большая часть из них уже активно тестируется и даже применяется в реальной жизни. Свои разработки представили казахстанские и зарубежные производители железнодорожной продукции. На мой взгляд, одной из самых интересных разработок выставки стала технология

автоматизированного ведения грузового поезда, – сказал старший советник генерального директора ОАО «Российские железные дороги», председатель МТК-524 «Железнодорожный транспорт», президент НП «ОПЖТ» Валентин Гапанович.

По его словам, все организованно очень гармонично, ведь выставка по цифровизации прошла в АО «НК «Қазақстан темір жолы» в рамках конференции и итогового заседания Межгосударственного технического комитета по стандартизации МТК 524 «Железнодорожный транспорт». Именно по итогам заседания участники обсудили и единогласно поддержали предложение о формировании долгосрочной перспективной программы стандартизации в рамках работы МТК 524.

– Считаю, что для единого экономического пространства крайне важен вопрос стандартизации, и не только в области железнодорожного транспорта – во всех сферах деятельности: в экономике, в оказании услуг нашим потребителям, гражданам наших государств. Наше заседание было плодотворным и конструктивным, получило ряд предложений. Теперь наша задача – их реализовать, – отметил Валентин Гапанович.

Надо отметить, что силами МТК-524 проделана колоссальная работа по подготовке нормативных документов в области железнодорожного транспорта, в том числе стандартов к Техническим регламентам Таможенного союза.

Фото Сергея ВОЛОШИНА

БЕЗОПАСНОСТЬ

## НАПУТСТВИЕ ПЕРЕД КАНИКУЛАМИ

